

Түп 4



CISC
Civil Initiatives Support Center

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігі

«Педагогикалық Ғылымдар
Академиясы» ҚБ

"Азаматтық бастамаларды қолдау
орталығы" КЕАҚ

БЕКІТІЛДІ

Басқарма Төрағасы

«Педагогикалық Ғылымдар Академиясы»

А.Құсайынов

2022 ж.



«Театр» номинациясындағы республикалық фестиваль-байқау ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Тұжырымдама Жас көркемөнерпаздар мен театр саласына қызығушы еліміздің барлық аймақтарында тұратын 16-29 жас аралығындағы жастардың басқа да санаттары арасында «Театр» номинациясындағы республикалық фестиваль-байқауын (бұдан әрі – конкурс) өткізудің тәртібін реттейді

Жоба міндеттері: 16-29 жас аралығындағы жастарды ынталандыру; жас өнертанушылар мен театр өнерпаздарынан құралған топтардың жаңа есімдерін анықтау, олардың шығармашылығын қолдау; жастардың шығармашылық ізденісін арттыруға жәрдемдесу.

Театр кез-келген халықтың, әрине соның ішінде қазақ халқының рухани болмысының, мәдениетінің, дүниетанымының тұғыры биік асыл мұрасы. Халықты эстетикалық адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеудің аса маңызды құралы да осы - театр. Осыған орай, театр арқылы жастардың бойында тарихына, тіліне, мәдениетіне деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімін орнықтыру - **байқаудың басты мақсаты.**

Конкурс міндеттері:

- жастарды рухани байыту және мемлекеттік тілді танымал ету;
- жастар арасында қазақи театр өнерін насихаттау;
- өнерге қызығушы жастардың шығармашылық әлеуетін қолдау және дамыту;

- жас өнертанушылар мен театр өнерпаздарынан құралған топтардың жаңа есімдерін анықтау, олардың шығармашылығын қолдау;
- жастардың шығармашылық ізденісін арттыруға жәрдемдесу;
- ұлттық сана, ұлтты сүйу, қадірлеу бабаларымыз аманат етіп кеткен дәстүрден, өнерден бастау алатынын ұмыттырмай, қасиетті өнеріміздің бір тармағы, құдыреттісі – театр өнерін насихаттау.

Байқау шарттары:

- Құрамы 5 адамнан тұратын топ болу;
- Қазақстан Республикасының 1. облысы мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары тегіс қатыса алады.
- Алматы қаласындағы эпидемиялық ахуалға байланысты Алматыдан шалғай орналасқан басқа облыстар үшін, байқауға онлайн (видео түсіріп жіберу арқылы) қатысу мүмкіндігі қарастырылған.

Байқау нәтижесінде үздік танылған жеңімпаздар ақшалай сертификатпен марапатталады:

1 орын - 300 мың теңге

2 орын - 200 мың теңге

3 орын - 100 мың теңге

Байқау бағдарламасына енгізу үшін, 2022 жылдың 26 шілдесіне дейін топ жетекшісі мен мүшелерінің аты-жөні, жасы, орындайтын шығарма аты көрсетілген мәліметті ұйымдастыру алқасына (Microsoft Office Word (2003, 2007) арқылы терілген файлмен жіберу қажет. Файлдың атауына қатысушы топтың жетекшісінің автордың аты-жөні жазылуы қажет (Мысалы: Sadykova Ainur_baiqau).

Байқауды ұйымдастырушылар - «Педагогикалық Ғылымдар Академиясы» ҚБ, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша және «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен жүзеге асырылатын «Жастар арасында мемлекеттік тілді кеңінен танымал ету жөнінде іс-шаралар өткізу» әлеуметтік жобасын үйлестірушілер.

Байқау қорытындысы 2022 жылдың 28 шілде Алматы қаласында шығарылады